ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
Шымкент ҚАЛАСЫ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ

ЖШС
"Dostyk School Shymkent"

РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ
ГОРОДА Шымкент

ТОО
"Dostyk School Shymkent"

Шымкент қаласы, Солтүстік-Батыс мөлтек ауданы, 1864 учаскесі
e-mail: dostyq.schoolshymkent@gmail.com

город Шымкент, мкр.Северо-Запад,уч.1864
e-mail: dostyq.schoolshymkent@gmail.com

БҰЙРЫҚ
2026 жылғы 1 қыркүйек
Шымкент қаласы

ПРИКАЗ
№ 449
город Шымкент

Мектепішілік ата-аналар жиналысын өткізу туралы

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 49-бабына сәйкес, мектеп пен ата-ана арасындағы ынтымақтастықты нығайту және «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтарын жүзеге асыру мақсатында
БҰЙЫРАМЫН:

1. 2026–2027 оқу жылында 4 рет жалпы мектепішілік ата-аналар жиналысы өткізілсін.
2. Мектепішілік ата-аналар жиналысының жылдық жоспары бекітілсін.
3. 10–11 сынып жетекшілері ата-аналар жиналысының өткізілуін қамтамасыз етіп, әр жиналыстың хаттамасын рәсімдесін.
4. Ата-аналармен жүргізілетін жұмыстарда білім алушылардың тәрбиесі, қауіпсіздігі, оқу үлгерімі, құқықтық мәдениеті, кәсіби бағдары және ҰБТ-ға дайындығы мәселелері қамтылсын.
5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.С. Жумахановаға жүктелсін.

Мектеп директоры: **А.Б. Сексенов**

БЕКІТЕМІН
«Dostyk School Shymkent»
мектеп директоры
_____ А.Б. Сексенов
«___» _____ 2026 ж.

ЖШС «Dostyk School Shymkent» мектебінің 2026–2027 оқу жылына арналған АТА-АНАЛАР ҚОҒАМЫМЕН ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

Мақсаты:

Мектеп пен ата-ана арасындағы өзара ынтымақтастықты нығайту, 10–11 сынып оқушыларының сапалы білім алуына, тәрбиесіне, қауіпсіздігіне және тұлғалық дамуына қолайлы жағдай жасау, бала тәрбиесіндегі отбасы мен мектептің ортақ жауапкершілігін арттыру.

Міндеттері:

– мектеп, ата-ана және оқушы арасындағы тұрақты әрі тиімді байланысты қалыптастыру;

– ата-аналарды мектептің оқу-тәрбие үдерісіне жүйелі түрде тарту;

– оқушылардың оқу үлгерімі, сабаққа қатысуы мен тәртібіне байланысты мәселелерді бірлесіп қарастыру;

– 10–11 сынып оқушыларына кәсіби бағдар беруде және 11-сынып оқушыларын қорытынды аттестаттау мен ҰБТ-ға дайындауда ата-аналармен бірлескен жұмысты ұйымдастыру;

– оқушылардың құқықтық, психологиялық және ақпараттық қауіпсіздігі бойынша ата-аналардың педагогикалық сауаттылығын арттыру;

– отбасылық және ұлттық құндылықтарды дәріптеу, құқық бұзушылықтың және зиянды әдеттердің алдын алуда мектеп пен отбасының өзара іс-қимылын күшейту;

– ата-аналардың ұсыныстары мен пікірлерін ескере отырып, мектеп пен отбасы серіктестігін жетілдіру.

Жұмыс жоспары

№	Отырыстың негізгі мәселелері	Мерзімі	Жауаптылар
1	I отырыс 1. 2026–2027 оқу жылындағы мектеп пен ата-ана ынтымақтастығының негізгі міндеттері. 2. Ата-аналар қоғамының құрамын анықтау, төрағасы мен мүшелерін сайлау. 3. Мектептің ішкі тәртіп ережелері, мектеп формасы және оқушылардың сабаққа қатысуы. 4. Оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және құқық бұзушылықтың алдын алу.	Қыркүйек	Мектеп әкімшілігі, ДТІЖО: Жумаханова Г.С., сынып жетекшілері
2	II отырыс 1. I жартыжылдықтағы оқу үлгерімі мен сабаққа қатысу нәтижелерін талқылау. 2. 11-сынып оқушыларын ҰБТ мен қорытынды аттестаттауға дайындауда ата-ананың қолдауы. 3. 10–11 сынып оқушыларына кәсіби бағдар беру және мамандық таңдауда ата-ананың рөлі. 4. Интернет қауіпсіздігі, әлеуметтік желілерді жауапты пайдалану, буллинг пен кибербуллингтің алдын алу.	Желтоқсан	Мектеп әкімшілігі, ДОІЖО: Токбурина С.Б., ДТІЖО: Жумаханова Г.С., педагог-психолог: Әбдуқадыр Г.Ә., сынып жетекшілері

3	III отырыс 1. III тоқсандағы оқу үлгерімі, сабаққа қатысу және тәртіп мәселелері. 2. Емтихан және ҰБТ кезеңінде оқушыға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету. 3. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылық пен зиянды әдеттердің алдын алу. 4. Отбасы мен мектептің тәрбиелік ықпалдастығын күшейту, отбасылық және ұлттық құндылықтарды дәріптеу.	Наурыз	ДОІЖО: Токбурина С.Б. , ДТІЖО: Жумаханова Г.С., педагог-психолог Әбдуқадыр Г.Ә., сынып жетекшілері
4	IV отырыс 1. 2026–2027 оқу жылында ата-аналармен жүргізілген жұмыстарды қорытындылау. 2. 11-сынып оқушыларының қорытынды аттестаттауы және оқу жылының аяқталуын ұйымдастыру мәселелері. 3. Оқушылардың жазғы кезеңдегі қауіпсіздігі мен бос уақытын тиімді ұйымдастыру. 4. Ата-аналар қоғамы жұмысының қорытындысы және 2027–2028 оқу жылына ұсыныстар.	Мамыр	Мектеп әкімшілігі, ДОІЖО: Токбурина С.Б., ДТІЖО: Жумаханова Г.С., сынып жетекшілері

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Жумаханова Г.С.

«Dostyk School Shymkent» ЖШС мектебі

2026–2027 оқу жылындағы жалпы мектептік ата-аналар жиналысының
ХАТТАМАСЫ №1

Өткізілген күні: 26 қыркүйек 2026 жыл
Өткізілген орны: «Dostyk School Shymkent» ЖШС
Қатысқандар: мектеп әкімшілігі, 10–11 сынып жетекшілері, педагог-психолог, ата-аналар қауымы.
Жиналыс төрағасы: Мектеп директоры А.Б.Сексенов

Күн тәртібі:

1. 2026–2027 оқу жылындағы мектеп пен ата-ана ынтымақтастығының негізгі міндеттері.
2. Ата-аналар қоғамының құрамын анықтау, төрағасы мен мүшелерін сайлау.
3. Мектептің ішкі тәртіп ережелері, мектеп формасы және оқушылардың сабаққа қатысуы.
4. Оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және құқық бұзушылықтың алдын алу.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.С. Жумаханова сөз сөйлеп, 2026–2027 оқу жылындағы мектеп пен ата-ана ынтымақтастығының негізгі бағыттарына тоқталды. Білім алушының тәрбиесі мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуде мектеп пен отбасының өзара байланысы маңызды екені айтылды.

Ата-аналарға мектеп өміріне белсенді қатысу, сынып жетекшілерімен тұрақты байланыста болу, баланың сабаққа қатысуына, тәртібіне және оқуына назар аудару қажеттігі түсіндірілді. Оқушының тұлғалық дамуы мен жауапкершілігін қалыптастыруда мектеп пен ата-ананың талаптары өзара сабақтас болуы керектігі атап өтілді.

Екінші мәселе бойынша мектеп әкімшілігі 2026–2027 оқу жылына арналған ата-аналар қоғамының құрамын қалыптастыру мәселесін ұсынды. Ата-аналар арасынан өкілдер ұсынылып, олардың кандидатуралары жиналыс барысында талқыланды. Ата-аналар қоғамының төрағасы мен мүшелерін сайлау мәселесі қаралып, ұсынылған кандидатуралар жиналысқа қатысушылардың қолдауымен бекітілді.

Ата-аналар қоғамының негізгі қызметі мектеп пен ата-аналар арасындағы байланысты нығайтуға, тәрбие және қауіпсіздік мәселелерін бірлесіп қарауға, мектептің қоғамдық өміріне ата-аналардың қатысуын арттыруға бағытталатыны түсіндірілді.

Үшінші мәселе бойынша мектептің ішкі тәртіп ережелері, білім алушылардың мектеп формасына қойылатын талаптарды сақтауы және сабаққа қатысуы қарастырылды.

Ата-аналарға оқушылардың сабаққа уақытылы келуі, себепсіз сабақ босатпау, мектептің ішкі тәртіп ережелерін сақтау қажеттігі түсіндірілді. Сынып жетекшілерінің оқушылардың сабаққа қатысуын тұрақты бақылап, себепсіз қалу немесе кешігу жағдайлары анықталған кезде ата-анамен жедел байланыс орнатуы қажеттігі айтылды.

Сонымен қатар мектеп формасына қойылатын талаптарды сақтау мәселесі қозғалып, ата-аналарға баланың мектепке белгіленген талаптарға сәйкес киіммен келуін қадағалау ұсынылды.

Төртінші мәселе бойынша оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және құқық бұзушылықтың алдын алу мәселелері талқыланды. Мектеп аумағындағы және мектептен тыс уақыттағы қауіпсіздік, қоғамдық орындардағы тәртіп, жол қауіпсіздігі, интернет кеңістігіндегі қауіпсіз мінез-құлық мәселелеріне назар аударылды.

Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың, буллинг пен кибербуллингтің алдын алу үшін мектеп, ата-ана, сынып жетекшісі және педагог-психолог арасындағы тұрақты өзара байланыс қажет екені айтылды. Ата-аналарға балаларының бос уақытын, ортасын және интернеттегі белсенділігін назарда ұстау, қауіп тудыратын жағдай байқалған кезде мектеп мамандарына дер кезінде хабарлау ұсынылды.

Қаулы етті:

1. 2026–2027 оқу жылында мектеп пен ата-ана арасындағы ынтымақтастық жүйелі түрде жүргізілсін.
2. Сынып жетекшілері ата-аналармен тұрақты кері байланыс орнатып, оқушылардың оқу-тәрбие үдерісіне қатысты маңызды мәселелер туралы дер кезінде ақпарат берсін.
3. 2026–2027 оқу жылына арналған ата-аналар қоғамының құрамы қалыптастырылып, төрағасы мен мүшелері бекітілсін.
4. Ата-аналар оқушылардың мектептің ішкі тәртіп ережелерін, мектеп формасына қойылатын талаптарды және сабаққа қатысу тәртібін сақтауын бақылауға алсын.
5. Сынып жетекшілері білім алушылардың сабаққа қатысуын жүйелі бақылап, себепсіз қалу және кешігу жағдайларында ата-аналармен тиісті жұмыс жүргізсін.
6. Оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, құқық бұзушылықтың, буллинг пен кибербуллингтің алдын алу бойынша мектеп пен ата-аналардың бірлескен профилактикалық жұмыстары жүйелі жалғастырылсын.
7. Ата-аналарға білім алушылардың сабақтан тыс уақыттағы қауіпсіздігіне, бос уақыты мен интернет кеңістігіндегі мінез-құлқына тиісті бақылау жасау ұсынылсын.
8. Осы қаулының орындалуын бақылау директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.С. Жумахановаға жүктелсін.

Жиналыс төрағасы: _____ А.Б.Сексенов
Хатшы: _____ Г.С.Жумаханова

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
Шымкент ҚАЛАСЫ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ

ЖШС
"Dostyk School Shymkent"

РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ
ГОРОДА Шымкент

ТОО
"Dostyk School Shymkent"

Шымкент қаласы, Солтүстік-Батыс мөлтек ауданы, 1864 учаскесі
e-mail: dostyq.schoolshymkent@gmail.com

город Шымкент, мкр.Северо-Запад,уч.1864
e-mail: dostyq.schoolshymkent@gmail.com

БҰЙРЫҚ
2026 жылғы 1 қыркүйек
Шымкент қаласы

ПРИКАЗ
№ 450
город Шымкент

«Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» жұмысын ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2026 жылғы 29 қаңтардағы №56 қаулысымен бекітілген 2026–2030 жылдарға арналған «Қазақстан балалары» тұжырымдамасын, балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-аналарды педагогикалық қолдау жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды басшылыққа ала отырып, мектеп пен отбасы арасындағы ынтымақтастықты нығайту, ата-аналардың педагогикалық мәдениеті мен құзыреттілігін арттыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2026–2027 оқу жылында мектепте «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының» (бұдан әрі – Орталық) жұмысы ұйымдастырылсын.
2. Орталықтың 2026–2027 оқу жылына арналған жұмыс жоспары бекітілсін.
3. Орталық қызметін ұйымдастыру, ата-аналармен жүргізілетін жұмыстарды үйлестіру және жоспардың орындалуын қамтамасыз ету директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.С. Жумахановаға жүктелсін.
4. Педагог-психолог Г.Ә. Әбдуқадыр, педагог-ұйымдастырушы М.Ж. Кенжебай және 10–11 сынып жетекшілері жоспарға сәйкес ата-аналармен педагогикалық қолдау жұмыстарын жүргізсін.
5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.С. Жумахановаға жүктелсін.

Мектеп директоры: _____ **А.Б. Сексенов**

БЕКІТЕМІН
Мектеп директоры
А.Б. Сексенов

«Dostyk school Shymkent» мектебінің
2026–2027 оқу жылына арналған

АТА-АНАЛАРДЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

Мақсаты:

Ата-аналардың педагогикалық мәдениеті мен психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін арттыру, 10–11 сынып оқушыларының қауіпсіздігі мен әл-ауқатын қамтамасыз ету, жасөспірімдердің дербес, жауапты тұлға болып қалыптасуына отбасы мен мектептің бірлескен қолдауын ұйымдастыру және «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтарын отбасылық тәрбиеге кіріктіру.

Міндеттері:

- ата-аналарға жоғары сынып жасындағы балалардың психологиялық және әлеуметтік ерекшеліктерін түсінуге көмектесу;
- ата-ана мен бала арасындағы сенімді қарым-қатынасты нығайту;
- ҰБТ мен қорытынды аттестаттау кезеңінде психологиялық қолдау мәдениетін қалыптастыру;
- кәсіби бағдар беруде ата-ананың қолдаушы рөлін күшейту;
- интернеттегі қауіпсіздік пен құқықтық мәдениет мәселелері бойынша ата-аналардың сауаттылығын арттыру;
- ұлттық және отбасылық құндылықтарды насихаттау;
- мектеп, ата-ана және оқушы арасындағы тұрақты серіктестікті қалыптастыру.

Нормативтік-әдістемелік негізі:

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы, 2026–2030 жылдарға арналған «Қазақстан балалары» тұжырымдамасы және Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталықтарының қызметін ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар.

Жұмыс жоспары

№	Жұмыс мазмұны / тақырыбы	«Адал азамат» құндылығымен байланысы	Өткізу нысаны	Мерзімі	Жауаптылар
1	1. АПҚО жұмысын ұйымдастыру, жылдық жоспарды бекіту. 10–11 сынып ата-аналарын Орталықтың мақсаты мен міндеттерімен таныстыру. 2.«Боламын деген баланың	Бірлік және ынтымақ Әділдік және жауапкершілік	Ұйымдастыру отырысы, ақпараттандыру,педагогикалық қолдау сабағы, тренинг	Қыркүйек	ДТІЖО: Жумаханова Г.С., педагог-ұйымдастырушы: Кенжебай М.Ж., педагог-психолог: Әбдуқадыр Г.Ә.,

	бетін қақпа, белін бу». Жоғары сынып оқушысының дербестігі мен жауапкершілігін қолдау				сынып жетекшілері
2	«Көркем мінез – баға жетпес байлық». Эмоциялық интеллект және ата-ана мен жасөспірім арасындағы сенімді қарым-қатынас	Бірлік және ынтымақ	Тренинг, практикалық жұмыс	Қазан	Педагог-психолог: Әбдуқадыр Г.Ә., сынып жетекшілері
3	«Заң мен тәртіп – қауіпсіз болашақ негізі». Жасөспірімнің құқықтары, міндеттері және жауапкершілігі. Құқық бұзушылық пен буллингтің алдын алу	Заң мен тәртіп	Ақпараттық-практикалық кездесу	Қараша	ДТІЖО: Жумаханова Г.С., педагог-психолог: Әбдуқадыр Г.Ә., сынып жетекшілері
4	«Сен жанбасаң лапылдап...» Балаға мамандық таңдауға қалай көмектесуге болады? Қабілет, қызығушылық және кәсіби бағдар	Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік	Коучинг, кәсіби бағдар сабағы	Желтоқсан	Педагог-психолог: Әбдуқадыр Г.Ә., сынып жетекшілері, пән мұғалімдері
6	«Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен». Әлеуметтік желілер мен интернет кеңістігіндегі жоғары сынып оқушысының қауіпсіздігі	Заң мен тәртіп	Практикалық сабақ, түсіндіру жұмысы	Қаңтар	Педагог-психолог: Әбдуқадыр Г.Ә., сынып жетекшілері
5	«Балаға сенім – болашаққа сенім». ҰБТ және қорытынды аттестаттау кезеңінде ата-ананың психологиялық қолдауы	Әділдік және жауапкершілік	Психологиялық тренинг, кеңес	Ақпан	Педагог-психолог: Әбдуқадыр Г.Ә., 11-сынып жетекшілері
6	«Күйзелістен шығар жол». Жоғары сынып оқушысының эмоциялық тұрақтылығын қалыптастыру және қиын жағдайда қолдау	Бірлік және ынтымақ	Тренинг, практикалық кеңес	Наурыз	Педагог-психолог: Әбдуқадыр Г.Ә., сынып жетекшілері
7	«Атадан өсиет, анадан қасиет». Отбасылық дәстүрлер, ұлттық тәрбие және ұрпақтар сабақтастығы	Тәуелсіздік және отаншылдық	Дөңгелек үстел, ата-аналармен кездесу	Сәуір	ДТІЖО: Жумаханова Г.С., педагог-ұйымдастырушы: Кенжебай М.Ж., сынып жетекшілері
8	1.«Отбасы мен мектеп: бала болашағы үшін серіктестік». Жылдық жұмысты қорытындылау, ата-аналардың кері байланысы мен ұсыныстары 2.АПҚО жұмысының жылдық қорытындысын шығару	Бірлік және ынтымақ Әділдік және жауапкершілік	Қорытынды кездесу, сауалнама Талдау, есеп	Мамыр	ДТІЖО: Жумаханова Г.С., педагог-психолог: Әбдуқадыр Г.Ә., педагог-ұйымдастырушы: Кенжебай М.Ж., сынып жетекшілері
9	Ата-аналардың педагогикалық	Барлық	Сауалнама,	Жыл	Педагог-психолог:

	сұраныстарын анықтау, жеке және топтық кеңес беру	құндылықтар	кеңес	бойы	Әбдуқадыр Г.Ә., сынып жетекшілері
10	АПҚО сабақтарына ата-аналардың қатысуын бақылау, өткізілген жұмыстарды жинақтау	Әділдік және жауапкершілік	Мониторинг	Жыл бойы	ДТІЖО, педагог-ұйымдастырушы

Күтілетін нәтижелер:

- ата-аналардың педагогикалық және психологиялық сауаттылығы артады;
- ата-ана, оқушы және мектеп арасындағы өзара сенім мен серіктестік нығаяды;
- жоғары сынып оқушыларына ҰБТ, қорытынды аттестаттау және кәсіби таңдау кезеңінде қолдау көрсету сапасы жақсарады;
- ата-аналардың жасөспірімдердің қауіпсіздігі, құқықтық мәдениеті және цифрлық ортадағы мінез-құлқы туралы хабардарлығы артады;
- «Адал азамат» бағдарламасының құндылықтарын отбасылық тәрбиеге кіріктіруге жағдай жасалады.